

## Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру әрі жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 144 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 49-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру әрі жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық қадағалау комитетімен бірлесіп, үш ай мерзімде актілер, хаттамалар мен нұсқамалар нысандарымен, оларды ресімдеу әрі құқық бұзушылық туралы материалдарды құқық қорғау органдарына тапсырумен бірге су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру әрі жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Су қорын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 600 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 16, 181 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 40-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 6 ақпандағы

№ 144 қаулысымен

бекітілген

**Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру әрі жүргізу Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру әрі жүргізудің тәртібін белгілейді.

**2. Мыналар:**

су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган;  
Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы;

жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;  
халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган;

ветеринария саласындағы уәкілетті орган;  
фитосанитарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;  
жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асырушы органдар болып табылады.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның бассейндік су шаруашылығы басқармалары су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді және олардың қызметін үйлестіреді.

4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның бассейндік су шаруашылығы басқармалары:

1) су қорғау аймақтары мен белдеулері шекарасының және ерекше қорғалатын су объектілерінде белгіленген шаруашылық қызмет режимінің сақталуын;

2) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдер шарттары мен талаптарының орындалуын;

3) су объектілері бойынша белгіленген нормалар мен ережелердің, су тұтыну мен су бөлу лимиттерінің, сондай-ақ су пайдалану режимінің сақталуын;

4) су жинау құрылыстарын, су шаруашылығы жүйелері мен су қоймаларын пайдалану ережелері сақталуын;

5) су объектілерінен алынатын әрі оларға ағызылатын су мөлшерін бастапқы есепке алудың дұрыс жүргізілуін, су сапасын анықтаудың, су тұтыну мен су

ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратураның болуы әрі олардың жай-күйін, су пайдаланушылардың есептіліктің және осы жабдықтар мен аппаратураны мемлекеттік аттестаттаудың белгіленген мерзімін сақтауын;

6) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға лицензиялар мен рұқсаттарда белгіленген шарттармен талаптарды, сондай-ақ судың зиянды әсеріне (су тасқыны, су басуы, топан су, жағалауды қиратуы және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауын;

7) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға берудің заңнамада белгіленген тәртібінің сақталуын;

8) су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің заңнамада белгіленген тәртібі сақталуын және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алудың жүзеге асырылуын;

9) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық құжаттаманың болуын әрі экономика салалары объектілерін, салу, қайта жаңарту, техникалық қайта жарактандырудың және су объектілерін, оларды қорғау аймақтары және белдеулерін пайдалану мен қорғаумен байланысты өзге де қызметтің оларға сәйкес болуын;

10) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су объектілерін қорғау аймақтары және белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін;

11) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерін, озық тәжірибені су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шараларды кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда енгізуді бақылауды жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салуаттылығы саласындағы уәкілетті орган, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, фитосанитарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар:

өз құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

су қорының сапалық әрі сандық жай-күйінің өзгеруін тексеруді және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

су заңнамасының бұзылуын жоюға шаралар қабылдайды;

су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мәселелерге қатысты нормативтік құқықтық құжаттар дайындауға қатысады;

белгіленген талаптар бұзылып жүргізілген су объектілеріне сарқынды

суларды шектеу, тоқтата тұру және оған тыйым салу, сондай-ақ судың жай-күйіне теріс әсер ететін жекелеген өндірістік объектілер, цехтар мен кәсіпорындар қызметін тоқтату туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді

## **2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізудің тәртібі**

6. Мемлекеттік бақылау тексеру жүргізу жолымен жүргізіледі, ол жоспарлы (жоспарланған әрі уәкілетті орган бекіткен) және жоспардан тыс (туындаған жағдайға сәйкес тағайындалатын, шағым, арыз бен өтініш бойынша дереу ден қоюды талап ететін) болып бөлінеді.

Мемлекеттік бақылау, сондай-ақ су объектілерін пайдаланумен, мемлекеттік кадастрлар және су қоры мониторингін жүргізумен байланысты схемалар мен жобалар әзірлеу кезінде жүзеге асырылады.

Бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірлескен кешенді тексерулер жоспарлауы мүмкін.

7. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру рәсімі олар тексеру басталғанға дейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінде немесе оның аумақтық органдарында тіркелетін I-II нысаны бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін тексеруді жүргізу және тексеруді есепке алу карточкалары туралы бақылаушы орган шығаратын нұсқама негізінде жүргізіледі.

8. Анықталған су заңнамасын бұзушылық актімен ресімделеді және осы мәселені қарау құзыретіне енетін органға тапсырылады.

9. Анықталған су заңнамасын бұзушылықты уәкілетті органдар олардың функциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен қарайды.

10. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың әкімшілік шара қолдану туралы шешуіне Қазақстан Республикасының Су кодексі

51-бабының 2-тармағына сәйкес шағым берілуі мүмкін.

11. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар су заңнамасының бұзылуын нақты жоюды қадағалайды.